

МАЗМҰНЫ

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ЕСКЕРТУЛЕР 26

МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ 27

Осы нұсқаулықта пайдаланылған таңбалар
27

Пайдалану мақсаты 27

Пайдалану нұсқаулығы 27

КІРІСПЕ 27

Жақшадағы әріптер 27

Ақаулықтарды жою және жөндеу 27

СИПАТТАМА 28

Құрылғының сипаттамасы 28

Сенсорлы экранның сипаттамасы ... 28

Керек-жарақтар сипаттамасы 28

Сүт ыдысының сипаттамасы 28

ПАЙДАЛАНБАС БҰРЫН 28

Құрылғыны тексеру 28

Құрылғыны орнату 28

Құрылғыны жалғау 29

Құрылғы параметрлерін орнату 29

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСУ 29

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ӨШІРУ 30

МӘЗІР ПАРАМЕТРЛЕРІ 30

Қақ тазалау 30

Сүзгіні орнату 30

Сүзгіні салу 30

Уақытты реттеу 30

Авто бастау 30

Авто өшіру 31

Қуат үнемдеу 31

Температураны орнату 31

Су қаттылығын орнату 31

Сигналды іске қосу/ажырату 31

Тілді орнату 32

Кесе шамы 32

Әдепкі мәндер (қалпына келтіру) 32

Статистика функциясы 32

RINSING (ШАЮ) 32

КОФЕ ЖАСАУ 33

Кофе дәмін таңдау 33

Кеседегі кофе мөлшерін таңдау 33

Таңдалған кофе 33

Кеседегі мөлшер (мл) 33

«Менің кофем» мөлшерін реттеу 33

Кофе тартқышты реттеу 33

Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер 33

Кофе дәндерінен кофе жасау 34

Ұнтақ кофеден кофе жасау 34

КАППУЧИНО МЕН СҮТ ҚОСЫЛҒАН КОФЕ

ТҮРЛЕРІН ЖАСАУ 34

Сүт ыдысын толтыру және бекіту 35

Көпіршік мөлшерін реттеу 35

Каппучино немесе маккиато жасау ... 35

Көпіршітілген сүт жасау (көпіршіксіз) 35

Сүт дайындау (көпіршіксіз және кофесіз)

35

Сүт көпірткішті CLEAN (ТАЗАЛАУ)

функциясын пайдаланып тазалау ... 35

Кеседегі кофенің немесе сүттің мөлшерін

каппучиноға немесе сүтке бағдарламалау

36

ЫСТЫҚ СУ 36

Автоматты түрде құйылатын судың

мөлшерін өзгерту. 36

ТАЗАЛАУ 37

Ұнтақ кофе ыдысын тазалау 37

Тамшы науасын және су жиналу науасын

тазалау 37

Кофе құрылғысын ішін тазалау 37

Су ыдысын тазалау 37

Кофе шүмектерін тазалау 38

Ұнтақ кофе воронкасын тазалау 38

Демдеу торын тазалау 38

Сүт ыдысын тазалау 38

Ыстық су/бу түтігінің қондырмасын

тазалау 39

ҚАҚ ТАЗАЛАУ 39

СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН ОРНАТУ 40

Су қаттылығын өлшеу 40

Су қаттылығын орнату 40

СУ ЖҰМСАРТҚЫШ СҮЗГІ 41

Сүзгіні орнату 41

Сүзгіні салу 41

Сүзгіні шығару 42

ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК 42

ТЕХНИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ 42

КӨРСЕТІЛЕТІН ХАБАРЛАР 43

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ 45

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ЕСКЕРТУЛЕР

- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға (балаларды қоса) немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілмейінше және олар бақыланбайынша пайдалануға болмайды.
- Балалардың осы құрылғымен ойнамауын қадағалаңыз.
- Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.
- Құрылғыны ешқашан суға батыру арқылы тазаламаңыз.
- Бұл тек үйде пайдалануға арналған құрылғы. Оны мынадай жерлерде пайдалануға болмайды: дүкендердегі, офистердегі және басқа жұмыс орталарындағы қызметкерлер тамақтанатын орындарда; фермаларда; қонақүйлердегі, мотельдердегі және басқа қонақ күту орталарындағы клиенттерге; төсек және таңғы ас беретін орталарда.
- Егер ашалы қосқыш немесе қуат сымы зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны тек тұтынушыларды қолдау қызметтері ауыстыруы керек.

ТЕК ЕУРОПАЛЫҚ НАРЫҚТАР:

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалар сегіз жастан аспаған болса және үнемі бақылауда болмаса, тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балалар 8 жастан аспаса және бақылауда болмаса орындамаулары керек. Құрылғыны және оның сымын 8 жастан аспаған балалардан аулақ ұстаңыз.
- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады.
- Балалардың құрылғымен ойнамауы керек.
- Пайдаланылмаған кезде және тазаламас бұрын, құрылғыны әрқашан розеткадан ажыратып жүріңіз.



Осы таңбамен белгіленген беттер пайдалану барысында ыстық болады (бұл таңба тек кейбір үлгілерде ғана бар).

МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Осы нұсқаулықта пайдаланылған таңбалар

Маңызды ескертулер осы таңбалармен анықталады. Осы ескертулерді құрметтеу өте маңызды болып табылады.



Қауіпті!

Мұндай ескертуді елемей электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.



Маңызды!

Мұндай ескертуді елемей жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.



Күйіп қалу қаупі бар!

Мұндай ескертуді елемей күйіп қалуға әкеп соқтырады.



Ескеріңіз:

Бұл таңба пайдаланушыға арналған маңызды кеңесті немесе ақпаратты білдіреді.



Қауіпті!

Бұл – электрлік құрылғы, сондықтан ол электр тогына түсуге себеп болуы мүмкін.

Сондықтан, осы қауіпсіздік туралы ескертулерді ұстануыңыз керек:

- Құрылғыны ылғал қолдарыңызбен немесе аяқтарыңызбен түртпеңіз.
- Сымды ешқашан ылғал қолмен ұстамаңыз.
- Розетканың құрылғыны қажет кезде ажыратуға болатындай оңай қол жеткізетін жерде орналасқанына көз жеткізіңіз.
- Тек ашалы қосқыштан ұстап ажыратыңыз. Ешқашан сымнан ұстап тартпаңыз, себебі оны зақымдауыңыз мүмкін.
- Құрылғыны толық ажырату үшін, оны розеткадан ажыратуыңыз керек.
- Егер құрылғы ақаулы болса, оны жөндеуге тырыспаңыз. Оны өшіру үшін розеткадан ажыратыңыз және тұтынушыны қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.
- Құрылғыны тазаламас бұрын, оны әрқашан розеткадан суырыңыз да, суытып қойыңыз.



Маңызды:

Барлық орам (пластик қалталар, полистирен көбігі) материалдарын балалардан аулақ ұстаңыз.



Күйіп қалу қаупі бар!

Бұл құрылғы ыстық су шығарады және пайдалану барысында ол бу қалыптасуы мүмкін.

Су шашырандыларынан немесе ыстық будан абай болыңыз.

Құрылғы қолданып жатқан кезде, кесе текшесі (А6) өте ыстық болуы мүмкін.

Пайдалану мақсаты

Бұл құрылғы кофе және ыстық сусындар дайындауға арналған. Кез келген басқа қолданыс дұрыс емес және қауіпті болып есептеледі. Өнім жасаушысы құрылғыны дұрыс пайдаланбаудан туындайтын зақым үшін жауапты емес.

Пайдалану нұсқаулығы

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Мұндай пайдалану нұсқауларын елемей күйіп қалуға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін. Өнім жасаушысы осы нұсқауды елемейден туындайтын зақым үшін жауапты болмайды.



Ескеріңіз:

Осы пайдалану нұсқаулығын сақтап қойыңыз. Егер құрылғы басқа адамдарға берілсе, оларды осы пайдалану нұсқаулығымен бірге беру керек.

КІРІСПЕ

Осы дәннен эспрессо және капучино жасау құрылғысын таңдағаныңызға рахмет. Жаңа құрылғыңызды рахатыңызға пайдаланасыз деп үміттенеміз. Осы пайдалану нұсқаулығын оқып шығуға бірнеше минут бөліңіз. Бұл барлық қауіп-қатерлер мен құрылғының зақымдануының алдын алады.

Жақшадағы әріптер

Жақша ішіндегі әріптер 2 және 3-беттердегі «Құрылғы сипаттамасы» бөліміндегі шартты белгілерге сілтейді.

Ақаулықтарды жою және жөндеу

Проблемалар болған жағдайда, алдымен оларды 43-беттегі «Көрсетілетін хабарлар және 45-беттегі «Ақаулықтарды жою» бөлімінде берілген ақпаратқа жүгіне отырып шешуге тырысыңыз. Егер проблема осылай шешілмесе және қосымша ақпарат талап етсеңіз, «Тұтынушыларды қолдау қызметі» қосымша парағында берілген нөмірге қоңырау шалу арқылы тұтынушыны қолдау қызметімен хабарласыңыз. Егер еліңіз берілген елдер тізімінен табылмаса, кепілдікте берілген нөмірге қоңырау шалыңыз. Егер жөндеу қажет болса, De'Longhi тұтынушыны қолдау қызметтерімен ғана хабарласыңыз. Мекенжайлар

құрылғымен бірге берілген кепілдік куәлігінде берілген.

СИПАТТАМА

Құрылғының сипаттамасы

(3-бет - А)

- A1. Басқару тақтасы
- A2. Тартуды реттеу дөңгелегі
- A3. Кесе текшесі
- A4. Дәндер ыдысының қақпағы
- A5. Ұнтақ кофе воронкасының қақпағы
- A6. Ұнтақ кофе воронкасы
- A7. Дәндер ыдысы
- A8. Негізгі қосқыш
- A9. Су ыдысы
- A10. Демдеу торының қақпағы
- A11. Демдеу торы
- A12. Ыстық су және бу түтігінің қондырмасы
- A13. Кофе шүмегі (биіктігі реттеледі)
- A14. Тартылған кофе ыдысы
- A15. Су жиналатын науа
- A16. Кесе науасы
- A17. Тамшы науасындағы су деңгейінің көрсеткіші
- A18. Тамшы науасы
- A19. Кесе шамы

Сенсорлы экранның сипаттамасы

(2-бет - В)

Тақтадағы бірнеше түйменің қос функциялары бар. Ол сипаттамада жақшалардың ішінде көрсетілген.

- B1. Дисплей: пайдаланушыға құрылғыны пайдалану барысында нұсқаулар береді
- B2. Таңдау тетігі: қажетті кофе мөлшерін таңдау үшін бұраңыз. (Параметрлер МЭЗІРІНДЕ болған кезде, қажетті функцияны таңдау үшін бұраңыз)
- B3.  түймесі: құрылғыны іске қосады және өшіреді
- B4. Мәзірге кіру үшін Р түймесін басыңыз
- B5.  түймесі: шаю циклін орындауға арналған. (MENU параметрлері бөлімінде болған кезде ол таңдалған функциядан шығуға және негізгі мәзірге қайтуға арналған ESC пернесі ретінде жұмыс істейді).
- B6.  дәм таңдау түймесі: кофе дәмін таңдауға арналған
- B7.  түймесі: көрсетілген параметрлермен 1 кесе кофе жасауға арналған

B8.  түймесі: көрсетілген параметрлермен 2 кесе кофе жасауға арналған

B9. Ыстық су ағызуға арналған  түймесі (МЭЗІРГЕ кіргенде: жасалған таңдауды растау үшін ОК түймесін басыңыз)

B10. CAPPUCCINO түймесі: капучино немесе көпіршітілген сүт жасауға арналған.

Керек-жарақтар сипаттамасы

(2-бет - С)

- C1. Ұнтақ кофе өлшеуіші
- C2. Тазалау щеткасы
- C3. Ыстық су шүмегі
- C4. Су жұмсартқыш сүзгі (кейбір үлгілерде ғана бар)
- C5. Индикатор қағазы
- C6. Қақ тазартқыш

Сүт ыдысының сипаттамасы

(3-бет - D)

- D1. Көпіршікті реттеу және ТАЗАЛАУ дөңгелегі
- D2. Көпіршітілген сүт шүмегі (реттеледі)
- D3. Сүт сору түтігі
- D4. Сүт ыдысы

ПАЙДАЛАНБАС БҰРЫН

Құрылғыны тексеру

Орамды ашқан соң, құрылғы бөлшектерінің түгелдігін, зақымданбаған және барлық керек-жарақтардың болуын тексеріңіз. Егер құрылғының зақымданғаны көрініп тұрса, оны пайдаланбаңыз. De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

Құрылғыны орнату



Маңызды!

Құрылғыны орнатқан кезде, мына қауіпсіздік туралы ескертулерге назар аударуыңыз керек:

- бұл құрылғы қызады. Құрылғыны пайдаланылатын жерге орналастырған соң, құрылғының беттері мен бүйірдегі және арттағы қабырға арасына 3 см, ал құрылғының үстіне 15 см бос орын қалдырыңыз.
- Кофе құрылғысына кірген су оны зақымдауы мүмкін. Құрылғыны шүмектерге немесе раковиналарға жақын қоймаңыз.
- Құрылғыдағы су қатып қалса, ол зақымдануы мүмкін. Бұл құрылғыны температурасы нөлден төмен түсуі мүмкін бөлмеге орнатпаңыз.

- Сымды қыры өткір немесе беті ыстық заттарға тимейтіндей етіп жүргізіңіз (мысалы, электрлік ыстық плиталар).

Құрылғыны жалғау



Маңызды!

Розетка қуаты кернеуінің құрылғы астындағы мәліметтер тақтасында көрсетілген кернеуге сәйкестігін тексеріңіз.

Құрылғыны тек жерге тиімді жолмен тұйықталған және ток қуаты кемінде 10 А болатын розеткаға қосыңыз.

Егер розетка қуаты құрылғыдағы қуатқа сай болмаса, тиісті розетка түрін білікті маманға ауыстырыңыз.

Құрылғы параметрлерін орнату



Ескеріңіз:

- Құрылғыны зауытта тексерген кезде кофе пайдаланылды, сондықтан, кофе тартқышта кофе іздері қалса, бұл – қалыпты нәрсе. Дегенмен, бұл құрылғының жаңа екеніне кепілдік беріледі.
- Судың қаттылығын 40-беттегі «Су қаттылығын реттеу» бөліміндегі нұсқауларға жүгіне отырып, тез арада реттеңіз.

1. Құрылғыны розеткаға қосып, құрылғының артындағы негізгі қосқыш I бағытына қойылғанына көз жеткізіңіз (1-сурет).

2. Су ыдысын шығарыңыз, қақпақты ашыңыз, MAX жолағына дейін таза сумен (2A сур.) толтырып, қақпақты қайта жауып, ыдысты құрылғыға (2B сур.) қайта салыңыз.

Алдымен таңдау дөңгелегін бұрау немесе тілдер дисплейде 3 секунд сайын жылжуын күту арқылы тілді таңдауыңыз керек:

3. English (Ағылшын) жазуы пайда болған кезде,  түймесін (3-сурет) ENGLISH set (АҒЫЛШЫН ТІЛІ таңдалды) жазуы шыққанша бірнеше секунд басыңыз. English installed (Ағылшын тілі орнатылды)

Құрылғы дисплейінде көрсетілген мына нұсқауларды орындаңыз:

4. INSERT WATER SPOUT (СУ ШҮМЕГІН ЕНГІЗІҢІЗ): түтік қондырмасына ыстық су шүмегінің енгізілгеніне көз жеткізіп, ішінде

кемінде 100 мл суы бар ыдысты шүмектің астына орналастырыңыз (4-сурет).

5. HOT WATER Confirm? (ЫСТЫҚ СУ. Растау керек пе?) хабары көрсетіледі;

6. Растау үшін  түймесін басыңыз (3-сурет). Бұл құрылғы суды шүмектен автоматты түрде ағызады және тоқтатады.

Кофе жасау құрылғысы енді әдеттегідей пайдалануға дайын.



Ескеріңіз:

- құрылғыны орнатқан кезде, ол қанағаттанарлық нәтижені 4-5 кесе кофе немесе 4-5 капучино жасағаннан кейін береді.
- Алғашқы 5-6 капучиноны жасап жатқан кезде, қайнап жатқан судың дыбысы естілсе, бұл – қалыпты жағдай. Одан кейін дыбыс бәсеңдейді.
- Кофенің рахатын одан бетер күшейту және құрылғының тиімділігін жақсарту үшін, біз «Сүзгіні орнату» бөлімінде сипатталғандай, су жұмсартқыш сүзгіні орнатуды ұсынамыз. Егер сіздегі үлгі сүзгімен келмесе, оны De'Longhi тұтынушыларды қолдау орталығынан талап ете аласыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСУ



Ескертпе:

Құрылғыны іске қоспас бұрын, құрылғының артындағы I негізгі қосқыштың қосылғанын тексеріңіз (1-сурет).

Құрылғы іске қосылған сайын, ол кедергі жасауға болмайтын алдын ала қыздыру және шаю циклін автоматты түрде орындайды. Құрылғы тек осы цикл аяқталған соң ғана пайдалануға дайын болады.



Күйіп қалу қаупі бар!

Шаю барысында кофе шүмегінен шамалы су шығады және төмендегі тамшы науасына жиналады. Су шашырандыларынан абай болыңыз.

- Құрылғыны іске қосу үшін  түймесін (5-сурет) басыңыз. Heating up, Please wait (Қызуда, күте тұрыңыз) хабары көрсетіледі.

Қызып болған соң, хабар «Rinsing» (Шаю) хабарына ауысады. Ыстық су айналымының әсерінен су қайнату бөлігімен қоса, бұл ішкі ағын түтіктерін де қыздырады.

Кофенің дәмі мен мөлшерін көрсететін хабар пайда болған кезде құрылғының тиісті температурада болғаны.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ӨШІРУ

Құрылғы кофе жасау үшін пайдаланылғаннан кейін кез келген уақытта ол автоматты шаю процесін орындайды.



Күйіп қалу қаупі бар!

Шаю барысында кофе шүмектерінен аздап ыстық су шығады және төмендегі тамшы науасына жиналады.

Су шашырандыларынан абай болыңыз.

Құрылғыны өшіру үшін  түймесін (5-сурет) басыңыз. Құрылғы шаю циклін орындайды, сосын Turning off Please wait... (Өшірілуде... Күтіңіз) хабары көрсетіледі де, құрылғы ажыратылады (күту режимі).



Ескеріңіз!

Құрылғыны біраз уақыт бойы пайдаланбайтын босаңыз, розеткадан ажыратыңыз:

- алдымен құрылғыны  түймесін (5-сурет) басу арқылы өшіріңіз;
- құрылғының артындағы негізгі қосқышты босатыңыз (6-сурет).



Маңызды!

Құрылғы іске қосулы болған кезде негізгі қосқышты ешқашан баспаңыз.

МӘЗІР ПАРАМЕТРЛЕРІ

P түймесін басу арқылы параметрлер мәзірін ашқан кезде, мына мәзір тармақтарын таңдауға болады:

Қақ тазалау

Қақ тазалау туралы нұсқауларды 39-беттен көріңіз.

Сүзгіні орнату

Сүзгіні орнату әдісі туралы нұсқауды «Сүзгіні орнату» бөлімінен көріңіз (41-бет).

Сүзгіні салу

Сүзгіні орнату әдісі туралы нұсқауды «Сүзгіні ауыстыру» бөлімінен көріңіз (41-бет).

Уақытты реттеу

Дисплейдегі уақытты реттеу үшін, мына әрекетті орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін P түймесін басыңыз;
2. Таңдау дөңгелегін (8-сурет) Adjust time (Уақытты реттеу) хабары көрінгенше бұраңыз;
3.  түймесін басыңыз (3-сурет);
4. Таңдау дөңгелегін (8-сурет) минутты өзгерту үшін басыңыз;
5. Растау үшін  түймесін басыңыз;
6. Таңдау дөңгелегін (8-сурет) минутты өзгерту үшін басыңыз;
7. Растау үшін  түймесін басыңыз.

Бұл уақытты орнатады. Мәзірден шығу үшін



түймесін басыңыз.

Авто бастау

Кофені қалаған уақытта дереу жасау мақсатында құрылғыны белгілі бір уақытта (мысалы, таңертең) дайын болатындай ету үшін авто бастау уақытын орната аласыз.



Ескеріңіз:

Осы функцияны іске қосу үшін, уақыт дұрыс орнатылған болуы керек.

Авто бастау функциясын іске қосу үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін P түймесін басыңыз;
2. Таңдау дөңгелегін (8-сурет) Auto-start (Авто бастау) хабары көрінгенше бұраңыз;
3.  түймесін басыңыз. Enable? (Қосылсын ба?) сұрағы көрсетіледі;
4. Растау үшін  түймесін басыңыз;
5. Сағатты таңдау үшін таңдау дөңгелегін басыңыз;
6. Растау үшін  түймесін басыңыз;
7. Таңдау дөңгелегін (8-сурет) минутты өзгерту үшін басыңыз;
8. Растау үшін  түймесін басыңыз;
9. Мәзірден шығу үшін  түймесін басыңыз.

Уақыт расталған соң, авто бастау функциясының іске қосылғаны уақытпен бірге  белгісінің, мәзірдегі Auto-start (Авто бастау) тармағының астында уақыттың пайда болуымен көрсетіледі.

Бұл функцияны ажырату үшін:

1. Мәзірден авто бастау тармағын таңдаңыз;

2.  түймесін басыңыз. Disable? (Ажыратылсын ба?) сұрағы көрсетіледі;
 3. Растау үшін  түймесін басыңыз.
-  белгісі одан әрі көрсетілмейді.

Авто өшіру

Уақытты құрылғы 15 не 30 минуттан немесе 1, 2 немесе 3 сағаттан кейін өшірілетін етіп өзгертуге болады.

Авто өшіру функциясын қайта бағдарламалау үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін **P** түймесін басыңыз;
2. Таңдау дөңгелегін (8-сурет) Auto-start (Авто бастау) хабары көрінгенше бұраңыз;
3.  түймесін басыңыз;
4. Таңдау дөңгелегін (8-сурет) қажетті жұмыс істеу уақыты (15 немесе 30 минут немесе 1, 2 не 3 сағат) көрсетілгенше бұраңыз;
5. Растау үшін  түймесін басыңыз;
6. Мәзірден шығу үшін  түймесін басыңыз.

Авто өшіру қайта бағдарламаланды.

Қуат үнемдеу

Бұл функцияны қуат үнемдеу мүмкіндігін қосу немесе өшіру үшін пайдаланыңыз. Бұл функция іске қосылған кезде, Еуропалық ережелерге сай қуат тұтыну мөлшері азаяды.

Қуат үнемдеу режимі іске қосылған кезде, мәзірдегі Energy saving (Қуат үнемдеу) астында жұлдызша пайда болады.

Қуат үнемдеу мүмкіндігін ажырату немесе іске қосу үшін, мыналарды орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін **P** түймесін басыңыз;
2. Таңдау дөңгелегін (8-сурет) Energy saving (Қуат үнемдеу) хабары көрінгенше бұраңыз;
3.  түймесін басыңыз. Disable? (Ажыратылсын ба?) хабары көрсетіледі (немесе функция бұрын ажыратылған болса Enable? (Іске қосылсын ба?) хабары көрсетіледі).
4. Қуат үнемдеу режимін ажырату үшін  түймесін басыңыз;
5. Мәзірден шығу үшін  түймесін басыңыз.

Бұл функция іске қосылуы болған кезде құрылғы біраз уақыт бойы пайдаланылмаса, Energy saving (Қуат үнемдеу) хабары көрсетіледі.



Ескеріңіз!

- Қуат үнемдеу режимінде болған кезде, бірінші кофе, капучино немесе сүт негізіндегі кофе құйылғанша бірнеше секунд өтеді, себебі құрылғы қайта қызуы керек.
- Кез келген сусынды дайындау мақсатында қуат үнемдеу режимінен шығу үшін кез келген түймені басып, жасағыңыз келген сусынға қатысты түймені басыңыз.
- Сүт ыдысы салынса, Energy saving (Қуат үнемдеу) мүмкіндігі іске қосылмайды.

Температураны орнату

Кофе жасау үшін пайдаланылатын судың температурасын өзгерту үшін, мыналарды орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін **P** түймесін басыңыз;
2. Таңдау дөңгелегін (8-сурет) Set temperature (Температураны орнату) хабары көрінгенше бұраңыз;
3.  түймесін басыңыз;
4. Таңдау дөңгелегін қажетті температура (●=төмен; ●●●●=жоғары) көрінгенше бұраңыз;
5. Растау үшін  түймесін басыңыз;
6. Мәзірден шығу үшін  түймесін басыңыз.

Су қаттылығын орнату

Су қаттылығын орнату туралы нұсқауларды 40-беттен көріңіз.

Сигналды іске қосу/ажырату

Түймелер басылған кезде немесе бір қосымша құрал енгізілген/шығарылған кезде құрылғының сигнал шығару мүмкіндігін іске қосады немесе ажыратады. Әдепкі параметр бойынша дыбыс іске қосылған болады. Сигналды ажырату немесе қайта іске қосу үшін, мыналарды орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін **P** түймесін басыңыз;
2. Таңдау дөңгелегін (8-сурет) Веер (Дыбысты сигнал) хабары көрінгенше бұраңыз;
3.  түймесін басыңыз. Disable? (Ажыратылсын ба?) немесе Enabled? (Іске қосылған ба?) сұрағы көрсетіледі;
4. Сигналды іске қосу немесе ажырату үшін  түймесін басыңыз;
5. Дыбысты сигналдың іске қосылуы мәзірдегі Веер (Дыбысты сигнал) тармағының астында жұлдызшамен

көрсетіледі. Мәзірден шығу үшін  түймесін басыңыз.

Тілді орнату

Дисплей тілін өзгерту үшін, мына әрекетті орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін **P** түймесін басыңыз;
2. Таңдау дөңгелегін (8-сурет) Set temperature (Температураны орнату) хабары көрінгенше бұраңыз;
3.  түймесін басыңыз;
4. Таңдау дөңгелегін қажетті тіл көрінгенше басыңыз;
5. Растау үшін  түймесін басыңыз;
6. Орнатылған тілді растайтын хабар көрінеді;
7. Мәзірден шығу үшін  түймесін басыңыз.

Кесе шамы

Бұл функция кесе шамдарын іске қосады немесе ажыратады. Әдепкі параметр бойынша шамдар іске қосылған болады.

Бұл шам кофе және каппутино жасалған сайын және шаю орындалып жатқан кезде жанады.

Бұл функцияны ажырату немесе қайта іске қосу үшін, мыналарды орындаңыз:



1. Мәзірге кіру үшін **P** түймесін басыңыз;
2. Таңдау дөңгелегін (8-сурет) Cup lighting (Кесе шамы) хабары көрінгенше бұраңыз.
3.  түймесін басыңыз. Disable? (Ажыратылсын ба?) немесе Enabled? (Іске қосылған ба?) сұрағы көрсетіледі;
4. Сигналды іске қосу немесе ажырату үшін  түймесін басыңыз;
5. Осы функция іске қосылған кезде, мәзірдегі Cup lighting (Кесе шамы) астында жұлдызша пайда болады. Мәзірден шығу үшін  түймесін басыңыз.

Әдепкі мәндер (қалпына келтіру)

Бұл барлық мәзір параметрлері мен бағдарламаланған мөлшерлерді әдепкі мәндерге қалпына келтіреді (орнатылған күйінде қалатын тілден басқа).

Әдепкі мәндерді қалпына келтіру үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін **P** түймесін басыңыз;

2. Таңдау дөңгелегін (8-сурет) Default values (Әдепкі мәндер) хабары көрінгенше бұраңыз;
3.  түймесін басыңыз;
4. Одан кейін Confirm? (Растау керек пе?) хабары көрсетіледі;
5. Растау үшін  түймесін басыңыз.

Статистика функциясы

Бұл құрылғыға қатысты статистиканы көрсетеді. Оны көрсету үшін мыналарды орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін **P** түймесін басыңыз;
2. Таңдау дөңгелегін (8-сурет) Веер (Дыбысты сигнал) хабары көрінгенше бұраңыз;
3.  түймесін басыңыз;
4. Таңдау дөңгелегін (8-сурет) тексеру үшін бұраңыз:
 - қанша кофе жасалды;
 - барлық жасалған каппутинолар мен сүт қосылған кофелер саны;
 - жалпы құйылған су мөлшері;
 - құрылғы қағы қанша рет тазаланды;
 - су жұмсартқыш сүзгінің қанша рет ауыстырылғаны.
5. Мәзірден шығу үшін  түймесін басыңыз.

RINSING (ШАЮ)

Бұл функцияны кофе шүмегінен (A13) және ыстық су шүмегінен (C3) ыстық су ағызу үшін пайдаланыңыз, ал енгізілген болса, құрылғының ішкі айналымын тазалау және қыздыру үшін пайдаланыңыз.

Ыстық су және кофе шүмектерінің астына ең аз сыйымдылығы 100 мл болатын ыдысты қойыңыз.



Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар.

Ыстық су құю барысында құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.

Бұл функцияны іске қосу үшін  түймесін қайта басыңыз. Бірнеше секундтан соң, алдымен кофе шүмегінен ыстық су ағады, сосын барып ыстық су шүмегінен ағады (егер ол енгізілген болса), ол құрылғының ішкі айналымын тазалайды және қыздырады.



Ескеріңіз!

- Құюды кез келген уақытта тоқтату үшін, кез келген түймені басыңыз.
- Егер құрылғы 3-4 күн бойы пайдаланылмаған болса, құрылғыны іске қосқан кезде, оны пайдаланбас бұрын 2-3 рет шаюды қатаң ұсынамыз.

КОФЕ ЖАСАУ

Кофе дәмін таңдау

Құрылғы әдепкіде дәмі қалыпты кофе жасау параметріне орнатылады. Сіз мына дәмдердің бірін таңдай аласыз:

өте жұмсақ дәм
жұмсақ дәм
қалыпты дәм
қою дәм
өте қою дәм

Дәмді өзгерту үшін  дөңгелегін (7-сурет) қажетті дәм көрсетілгенше қайталап басыңыз.

Кеседегі кофе мөлшерін таңдау

Құрылғы әдепкіде қалыпты мөлшердегі кофені жасау параметріне орнатылады. Кофе мөлшерін таңдау дөңгелегін (8-сурет) қажетті кофе мөлшеріне қатысты хабар көрсетілгенше бұраңыз:

Таңдалған кофе	Кеседегі мөлшер (мл)
МЕНІҢ КОФЕМ	Programmable: from ≈20 to ≈180
ҚЫСҚА	≈40
ҚАЛЫПТЫ	≈60
ЛОНГ	≈90
ҚОСЫМША ЛОНГ КОФЕСІ	≈120

«Менің кофем» мөлшерін реттеу

Құрылғы әдепкі параметр бойынша 30 мл «МЕНІҢ КОФЕМ» кофесін құю режиміне орнатылады. Осы мөлшерді өзгерту үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Кофе шүмегінің астына бір кесе қойыңыз (12-сурет).

2. Таңдау дөңгелегін (8-сурет) MY COFFEE (МЕНІҢ КОФЕМ) хабары көрінгенше бұраңыз.
3.  түймесін (9-сурет) 1 MY COFFEE Program quantity (1 МЕНІҢ КОФЕМ бағдарламасының мөлшері) хабары көрсетілгенше басып тұрыңыз, сол кезде кофе құйыла бастайды. Түймені жіберіңіз.
4. Кеседегі кофе қажетті деңгейге жеткен соң,  түймесін (9-сурет) қайта басыңыз.

Кеседегі орнатылған кофе мөлшері бағдарламаланды.


Кофе тартқышты реттеу

Кофе тартқыш әдепкі параметр бойынша кофені дұрыс дайындайтынды етіп орнатылады және оны реттеудің қажеті жоқ.

Дегенмен, алғашқы бірнеше кесе кофені жасағаннан кейін кофенің өте әлсіз және кілегейлі емес екендігі немесе оның өте жай құйылатыны байқалса (тамшылап тұрса), оны тартуды реттеу дөңгелегін (10-сурет) реттеу арқылы түзетуге болады.

Ескеріңіз:

Тартуды реттеу дөңгелегін тек кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде ғана бұрау керек.



егер кофе өте баяу құйылса немесе мүлдем құйылмаса, дөңгелекті сағат тілі бағытымен «7» санына қарай бір рет «сырт» еткізіп бұраңыз.

Толық кілегейлі кофе жасау үшін, сағат тілі бағытына қарсы «1» санына қарай бір рет «сырт» еткізіп бұраңыз (бір бұрағанда бір реттен артық «сырт» еткізіп бұрамаңыз, әйтпесе кофе тамшылап құйылуы мүмкін). Бұл реттеулердің нәтижесі тек 2 кесе кофе жасалғаннан кейін ғана байқалады. Егер бұл реттеу қажетті нәтижені бермесе, дөңгелекті тағы бір рет «сырт» еткізіңіз.

Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер

Кофе ыстық болуы үшін, мыналарды орындауыңыз керек:

- құйылмас бұрын  түймесін басу арқылы шаю циклін «Шаю» бөлімінде (32-бет) сипатталғандай етіп орындаңыз.

- кеселерді ыстық сумен жылытыңыз (ыстық су функциясын пайдалану);
- мәзірден жоғарырақ кофе температурасын таңдаңыз.

Кофе дәндерінен кофе жасау



Маңызды!

Ешқашан карамельденген немесе қант қосылған кофе дәндерін пайдаланбаңыз, себебі олар кофе тартқышқа жабысып, оны пайдалануға жарамайтын етуі мүмкін.

1. Ыдысты кофе дәндерімен толтырыңыз (11-сурет).
2. Кофе шүмектерінің астына орналастырыңыз:
 - 1 кесе кофе жасағыңыз келсе, 1 кесе қойыңыз (12-сурет);
 - 2 кесе кофе жасағыңыз келсе, 2 кесе қойыңыз.
3. Шүмектерді кеселерге қарай мүмкіндігінше төмендетіңіз. Кілегейлі кофе осылай жасалады (12-сурет).
4. Қажетті кесе санына қатысты түймені басыңыз (1 кесе  немесе 2 кесе , 9 және 13-суреттер).
5. Preparation begins. Таңдалған кофе мөлшері кофе дайындау барысында бірте-бірте толатын прогресс жолағымен бірге көрсетіледі.



Ескеріңіз:

- Құрылғы кофе жасап жатқан кезде, құюды кез келген уақытта кез келген түймені басу арқылы тоқтатуға болады.
- Құйылып болған соң кеседегі кофе мөлшерін көбейту үшін, кофе түймелерінің бірін басып тұрыңыз (3 секунд ішінде) ( немесе ).

Кофе жасалған соң, құрылғы келесі сусынды жасауға дайын болады.



Ескеріңіз:

- Құрылғыны пайдалану барысында әр түрлі хабарлар көрсетілуі мүмкін (FILL TANK (ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ), EMPTY GROUNDS CONTAINER (ҰНТАҚ КОФЕ ЫДЫСЫН БОСАТЫҢЫЗ), т.б.). Олардың мағыналары «Көрсетілетін хабарлар» (43-бет) бөлімінде түсіндірілген.

- Кофені ыстық етіп жасау туралы ақпаратты «Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер» (36-бет) бөлімінен көріңіз.
- Егер кофе тамшылап құйылса, тым сұйық болса және жеткілікті деңгейде кілегейлі болмаса немесе тым салқын болса, «Ақаулықтарды жою» бөліміндегі (37-бет) кеңестерді оқыңыз.

Ұнтақ кофеден кофе жасау



Маңызды!

- Құрылғы өшірулі кезде ешқашан ұнтақ кофені салмаңыз, әйтпесе ол құрылғының қуыс-қуыстарына таралып, оны былғауы мүмкін. Бұл құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Ешқашан 1 деңгейлі мөлшерден артық пайдаланбаңыз, әйтпесе ол кофе құрылғысының ішін былғауы немесе воронканы бітеп тастауы мүмкін.



Ескеріңіз:

Егер ұнтақ кофені пайдалансаңыз, сіз бір уақытта тек бір кофе жасай аласыз.

1.  түймесін (7-сурет) PRE-GROUND (ҰНТАҚ) хабары көрсетілгенше басыңыз.
2. Воронканың бітеліп қалмағанына көз жеткізіп, бір деңгей мөлшеріндегі ұнтақ кофені салыңыз (14-сурет).
3. Кофе шүмектерінің астына бір кесе қойыңыз.
4. 1 кесе кофе  түймесін басыңыз (9-сурет).
5. Preparation begins. Таңдалған кофе мөлшері кофе дайындау барысында бірте-бірте толатын прогресс жолағымен бірге көрсетіледі.



Ескеріңіз:

Егер «Қуат үнемдеу» режимі белсенді болса, бірінші кофе құйылмас бұрын бірнеше секунд күту керек болуы мүмкін.

КАППУЧИНО МЕН СҮТ ҚОСЫЛҒАН КОФЕ ТҮРЛЕРІН ЖАСАУ



Ескеріңіз:

- Сүттің көпіршігі аз болуына немесе үлкен көбіктердің болуына жол бермес үшін,

сүт ыдысының қақпағы мен ыстың су қондырмаларын және 38-беттердегі «Сүт ыдысын тазалау» бөлімінде сипатталғандай әдіспен тазалап отырыңыз.

Сүт ыдысын толтыру және бекіту

1. Қақпақты ашыңыз (15-сурет);
2. Сүт ыдысын жеткілікті сүт мөлшерімен сапта белгіленген MAX (16-сурет) деңгейіне дейін толтырыңыз. Ыдыстың бүйіріндегі әрбір белгі 100 мл сүтке негізделген.



Ескеріңіз:

- Қоюлау көпіршікке қол жеткізу үшін тоңазытқыш температурасында (шамамен 5°C) сақталған шайқалған немесе жартылай шайқалған сүтті пайдалану керек.
 - Егер «Қуат үнемдеу» режимі іске қосылса, бірінші капучино құйылмас бұрыны бірнеше секунд күту керек болуы мүмкін.
3. Сүт сору түтігінің сүт ыдысы қақпағының төменгі жағына дұрыс енгізілгенін тексеріңіз (17-сурет).
 4. Қақпақты ыдысқа қайта орналастырыңыз.
 5. Ыстық су шүмегін қондырмадан шығарыңыз (18-сурет).
 6. Ыдысты жалғау қондырмасына енгізіп, жеткен жеріне дейін итеріңіз (19-сурет). Құрылғы дыбысты сигнал шығарады.
 7. Кофе және көпіршітілген сүт шүмектерінің астына жеткілікті көлемдегі үлкен кесені қойыңыз. Сүт шүмегінің ұзындығын реттеңіз. Оны кесеге жақындату үшін төмен басыңыз (20-сурет).
 8. Әрбір функцияға қатысты төмендегі пайдалану нұсқауын орындаңыз.

Көпіршік мөлшерін реттеу

Каппучино және сүт негізіндегі кофе түрлерін дайындау барысында құйылатын сүттегі көпіршік мөлшерін реттеу үшін көпіршікті реттеу дөңгелегін бұраңыз.

Дөңгелек бағыты	Сипаттама	Келесі үшін ұсынылады...
	No froth (Көпіршік жоқ)	ЫСТЫҚ СҮТ

	Min. froth (Аз мөлшердегі көпіршік)	CAPPUCCINO / MACCHIATO / FROTHED MILK (КАППУЧИНО / МАКИАТО / КӨПІРШІТІЛГЕН СҮТ)
	Max. froth (Көп мөлшердегі көпіршік)	

Каппучино немесе маккиато жасау

1. Сүт ыдысын бекіткен соң, сүт ыдысының қақпағындағы көпіршік реттегішті қажетті бағытқа бұраңыз (21-сурет).
2. CAPPUCCINO түймесі. CAPPUCCINO (КАППУЧИНО) хабары кофе дайындау барысында бірте-бірте толатын прогресс жолағымен бірге көрсетіледі.
3. Сүт құйылған соң, құрылғы кофені автоматты түрде жасайды.



Ескеріңіз:

- Құю барысында сүт немесе кофе жасауды тоқтатқыңыз келсе, CAPPUCCINO түймесін екі рет басыңыз.
- Құйылып болған соң, кесеге сүт не кофе мөлшерін көбейту үшін, 3 секунд ішінде CAPPUCCINO түймесін басып тұрыңыз.
- Сүт ыдысын тоңазытқыштың сыртында ұзақ уақытқа қалдырмаңыз. Сүт неғұрлым жылы болса (5 °C – ең оңтайлысы), шығарылған көпіршік сапасы соғұрлым нашар болады.

Көпіршітілген сүт жасау (көпіршіксіз)

Алдыңғы параграфта (Каппучино немесе маккиато жасау) сипатталғандай етіп жалғастырыңыз, CAPPUCCINO түймесін бір рет емес, екі рет басыңыз.



Ескеріңіз:

Құю барысында дайындауды тоқтатқыңыз келсе, CAPPUCCINO түймесін бір рет басыңыз.

Сүт дайындау (көпіршіксіз және кофесіз)

Алдыңғы параграфта (Көпіршітілген сүт жасау) сипатталғандай етіп жалғастырыңыз, көпіршікті реттегішті бағытына бұраңыз.

Сүт көпірткішті CLEAN (ТАЗАЛАУ) функциясын пайдаланып тазалау



Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар.

Сүт ыдысының ішкі түтіктерін тазалап жатқан кезде, көпіршікті сүт шүмегінен шамалы ыстық су шығады. Су шашырандыларынан абай болыңыз.

Сүт функциясын пайдаланған сайын дисплейде SET DIAL TO CLEAN (ТАЗАЛАУҮШІН ДӨҢГЕЛЕКТІ ОРНАТЫҢЫЗ) хабары жыпылықтайды. Барлық сүт қалдықтарын тазалау үшін, мыналарды орындаңыз:

1. Сүт ыдысын құрылғыда қалдырыңыз (оны босатудың қажеті жоқ);
2. Көпіршітілген сүт шүмегінің астына кесені немесе басқа ыдысты қойыңыз.
3. Көпіршікті реттеу дөңгелегін CLEAN (ТАЗАЛАУ) бағытына бұраңыз (22-сурет). Прогресс жолағы пайда болады және әрекет орындалған сайын Cleaning underway, Please wait (Тазалау орындалуда, күтіңіз) хабарымен бірге бірте-бірте толады. Тазалау автоматты түрде тоқтайды.
4. Дөңгелекті көпіршік түрлерінің біріне қайта бұраңыз.
5. Сүт ыдысыналып, бутүтігінің қондырмасын әрқашан губкамен тазалаңыз (26-сурет).



Ескеріңіз!

- Бірнеше каппучино немесе сүт негізіндегі кофені дайындау үшін, құрылғыны тек соңғы сусын дайындалған соң ғана тазалаңыз.
- Сүт ыдысын тоңазытқышта сақтауға болады.
- Кейбір жағдайларда құрылғының қызғанын күтуіңіз керек.

Кесеге кофеңің немесе сүттің мөлшерін каппучиноға немесе сүтке бағдарламалау

Құрылғы әдепкі параметр бойынша қалыпты мөлшерлерді құю режиміне автоматты түрде орнатады. Осы мөлшерлерді өзгерту үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Кофе шүмектерінің және сүт шүмегінің астына бір кесе қойыңыз.
2. CARPUCCINO түймесін PROGRAM MILK Program quantity (СҮТТІ БАҒДАРЛАМАЛАУ Бағдарламаланатын сүт мөлшері) хабары көрінгенше басыңыз.
3. Түймені жіберіңіз. Құрылғы сүт құюды бастайды.
4. Кесеге қалаған сүт мөлшері құйылған соң, CARPUCCINO түймесін басыңыз.

5. Құрылғы сүт құюды тоқтатады және бірнеше секундтан соң кесеге кофе құйылады. PROGRAM COFFEE Program quantity (СҮТТІ БАҒДАРЛАМАЛАУ Бағдарламаланатын сүт мөлшері) хабары көрінеді.
6. Кесеге қалаған кофе мөлшері құйылған соң, CARPUCCINO түймесін басыңыз. Кофе құю тоқтатылады.

Құрылғы енді жаңа сүт және кофе мөлшерлеріне қайта бағдарламаланған күйде болады.

ЫСТЫҚ СУ



Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар.

Ыстық су құю барысында құрылғыны ешқашан қараусыз қалдырмаңыз. Құю барысында шүмек ыстық болады. Тек сабынан ұстаңыз.

1. Ыстық су шүмегінің дұрыс бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
2. Шүмек астына ыдыс қойыңыз (шашыраудың алдын алу үшін барынша жақын қойыңыз).
3. Растау үшін түймесін басыңыз (3-сурет). Hot water (Ыстық су) хабары кофе дайындау барысында бірте-бірте толатын прогресс жолағымен бірге көрсетіледі.
4. Құрылғы шамамен 250 мл ыстық су құйып, автоматты түрде тоқтайды. Құйылып жатқан ыстық суды қолмен тоқтату үшін, түймесін қайта басыңыз.



Ескеріңіз:

Егер «қуат үнемдеу» режимі белсенді болса, ыстық су құйылмас бұрын бірнеше секунд күту керек болуы мүмкін.

Автоматты түрде құйылатын судың мөлшерін өзгерту.

Құрылғы әдепкі параметр бойынша автоматты түрде 250 мл ыстық су құйылатындай етіп реттелген. Осы мөлшерлерді өзгерту үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Ыдысты шүмектердің астына қойыңыз.
2. түймесін Hot Water Program Quantity (Ыстық су бағдарламасы мөлшері) хабары көрінгенше басып тұрып, түймесін жіберіңіз.

3. Кеседегі ыстық су қажетті деңгейге жеткен соң,  түймесін қайта басыңыз. Құрылғы сол кезде жаңа мөлшермен бағдарламаланады.

ТАЗАЛАУ



Маңызды!

- Кофе құрылғысын тазалау үшін еріткіштерді, қырғыш заттарды немесе спиртті пайдаланбаңыз. De'Longhi супер автоматты кофе құрылғыларын тазалау үшін тек осы құрылғыларға арналған химикаттарды ғана пайдалануыңыз керек.
- Сүт ыдысынан (D) басқа құрылғының кез келген құрамдас бөлшегін ыдыс аяқ жуғышта жууға болмайды.
- Қоқымдарды және кофе қалдықтарын кетіру үшін металдан жасалған заттарды пайдаланбаңыз, себебі олар құрылғының металл немесе пластмасса бөліктерін сырып тастауы мүмкін.

Ұнтақ кофе ыдысын тазалау

EMPTY GROUNDS CONTAINER (ҰНТАҚ КОФЕ ЫДЫСЫН БОСАТЫҢЫЗ) хабары көрсетілген кезде, ұнтақ кофе ыдысын босату және тазалау керек. Ұнтақ кофе ыдысы тазаланып болғанша құрылғы хабарды көрсетуін жалғастырады және кофе жасау мүмкін болмайды.



Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар

Егер бірнеше капучиноны бірінен соң бірін жасасаңыз, металдан жасалған кесе науасы қызады. Оны ұстамас бұрын суығанын күтіп, тек алдынан ғана ұстаңыз.

Тазалау үшін (тек құрылғымен):

- Тамшы науасын шығарыңыз (24-сурет), босатыңыз және тазалаңыз.
- Ұнтақ кофе ыдысын босатып, түбінде қалған барлық қалдықтарды кетіру үшін мұқият тазалаңыз. Оны берілген щеткадағы қырғышпен орындауға болады.
- Су жиналу науасын (қызыл) тексеріңіз және қажет болса босатыңыз.



Маңызды!

Тамшы науасын алып жатқан кезде ұнтақ кофе ыдысын тіпті онда шамалы кофе қалса да босату керек. Егер босатылмаса, келесі

кофелерді жасаған кезде, ұнтақ кофе ыдысы шамадан тыс толып кетіп, құрылғы арналарын бітеуі мүмкін.

Тамшы науасын және су жиналу науасын тазалау



Маңызды!

Тамшы науасы ондағы су деңгейін көрсететін деңгей көрсеткішімен (қызыл) белгіленген (25-сурет). Тамшы науасын индикатор кесе науасынан шығып тұрғанға дейін босату керек, әйтпесе, су науа жиегінен асып шығып, құрылғыны, құрылғы орналасқан жерді немесе оның айналасын бүлдіруі мүмкін.

Тамшы науасын алу үшін:

1. Тамшы науасы мен ұнтақ кофе ыдысын шығарыңыз (24-сурет);
2. Тамшы науасы мен ұнтақ кофе ыдысын босатыңыз және жуыңыз;
3. Су жиналу науасын (қызыл) тексеріңіз және қажет болса босатыңыз.
4. Тамшы науасы мен ұнтақ кофе ыдысын орындарына салыңыз.

Кофе құрылғысын ішін тазалау



Электр тогына түсу қаупі бар!

Ішкі бөліктерді тазаламас бұрын, құрылғыны өшіру («Өшіру» бөлімін көріңіз) және розеткадан ажырату керек. Кофе құрылғысын ешқашан суға батырмаңыз.

1. Құрылғының іші (тамшы науасын алған соң қол жетімді болады) кірлемегенін тұрақты түрде (шамамен аптасына бір рет) тексеріп отырыңыз. Қажет болса, кофе қалдықтарын берілген щеткамен және губкамен тазалаңыз.
2. Қалдықтарды шаңсорғышпен тазалаңыз (26-сурет).

Су ыдысын тазалау

1. Су ыдысын (A9) тұрақты түрде (шамамен айына бір рет және су жұмсартқыш сүзгіні (егер болса) орнына салған сайын) дымқыл шүберекпен және шамалы жұмсақ ыдыс жуғыш сұйық затпен тазалап отырыңыз.
2. Сүзгіні алыңыз (егер бар болса) және ағынды сумен шайыңыз.

3. Сүзгіні орнына салыңыз (егер болса), ыдысты таза сумен толтырып, орнына салыңыз.

Кофе шүмектерін тазалау

1. Кофе шүмектерін губкамен немесе шүберекпен тұрақты түрде тазалап отырыңыз (27A сур.).
2. Кофе шүмегіндегі тесіктердің бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Қажет болса, кофе қалдықтарын тіс тазартқышпен кетіріңіз (27B сур.).

Ұнтақ кофе воронкасын тазалау

Тартылған кофе воронкасының (A6) бітелмегенін тұрақты түрде (шамамен айына бір рет) тексеріп тұрыңыз. Қажет болса, кофе қалдықтарын берілген щеткамен (C2) тазалаңыз.

Демдеу торын тазалау

Демдеу торын (A11) кемінде айына бір рет тазалап отыру керек.



Маңызды!

Құрылғы іске қосұлы болған кезде демдеу торын алу мүмкін емес.

1. Құрылғының дұрыс өшірілгеніне көз жеткізіңіз (41-беттегі «Құрылғыны өшіру» бөлімін көріңіз).
2. Су ыдысын тазалау
3. Құрылғының оң жағындағы демдеу торы орнының қақпағын (28-сурет) ашыңыз.
4. Қызыл босату түймелерін ішке қарай басып тұрып, демдеу торын сыртқа қарай тартып шығарыңыз (29-сурет).
5. Демдеу торын суға шамамен 5 минут батырып қойып, ағынды су астында шайыңыз.



Маңызды!

ТЕК СУМЕН ШАЙЫҢЫЗ


ЫДЫС ЖУҒЫШ СҰЙЫҚ ЗАТТЫ ЖӘНЕ ЫДЫС ЖУҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ

Демдеу торын ыдыс жуғыш сұйық затсыз тазалаңыз, себебі ол зақымдануы мүмкін.

6. Демдеу торының корпусында (демдеу торы орнының қақпағы арқылы көрінеді) қалған кез келген кофе қалдығын кетіру үшін арнайы щетканы (C2) пайдаланыңыз.


7. Тазалаған соң, демдеу торын ішкі тірекке қарай сырғыту арқылы орнына салып, «сырт» етіп орнына түскенше PUSH (ИТЕРУ) белгісін толық енгенше ішке қарай басыңыз.

Демдеу торы қолданылады




Ескеріңіз:

Егер демдеу торын енгізу қиын болса, енгізбес бұрын оны суретте көрсетілген екі ілгекті басу арқылы тиісті өлшемге бейімдеңіз.



7. Салынған соң, екі қызыл түйменің шыққанына көз жеткізіңіз.




8. Демдеу торы орнының қақпағын жабыңыз.
9. Су ыдысын орнына салыңыз.


Сүт ыдысын тазалау

Сүт дайындап болған сайын сүт ыдысын төменде сипатталғандай етіп тазалаңыз:

1. Қақпақты ашыңыз.
2. Сүт шүмегі мен ішке тарту түтігін алыңыз.
3. Көпіршікті реттеу дөңгелегін сағат тілі бағытымен INSERT (ЕНГІЗУ) бағытына қарай бұрап (суретті қараңыз), жоғары қарай тартып шығарыңыз.



4. Барлық құрамдас бөлшектерді ыстық сумен және жұмсақ жуғыш сұйықтықпен жуыңыз. Барлық құрамдас бөлшектерін ыдыс жуғышта жууға болады, ол үшін оларды ыдыс жуғыштың ең жоғарғы текшесіне қою керек. Дөңгелектің астындағы бос орында және ойықта сүт қалдықтары қалмасын (қасындағы суретті көріңіз). Қажет болса, ойықты тіс тазартқыш таяқшамен қырғылаңыз.
5. Көпіршікті реттеу дөңгелегі орнының ішкі жағын ағынды сумен шайыңыз (суретті көріңіз).
6. Ішке тарту түтігі мен шүмектің сүт қалдықтарымен бітеліп қалмағанын тексеріңіз.
7. Дөңгелекті, шүмекті және сүт сору түтігін орнына салыңыз (INSERT (ЕНГІЗУ) сөзіне сай).
8. Қақпақты ыдысқа қайта орналастырыңыз.



Ыстық су/бу түтігінің қондырмасын тазалау
Сүт дайындаған сайын түтік қондырмасын губкамен шайбалардағы сүт қалдықтарын кетіру үшін тазалап отырыңыз (23-сурет).

ҚАҚ ТАЗАЛАУ

Дисплейде DESCAL (ҚАҚ ТАЗАЛАУ) хабары жыпылықтаған сайын құрылғының қағын тазалап отырыңыз.



Маңызды!

- Қақ тазалағыш құрамында теріні және көздерді тітіркендіруі мүмкін қышқылдар бар. Өнім жасаушысының қақ тазалағыш орамында берген ескертулерін және теріге және көздерге тиген жағдайда орындалатын процедураларға қатысты ескертулерді міндетті түрде ескеру керек.
- Тек De'Longhi қақ тазалағышын ғана пайдалануыңыз керек. Басқа қақ тазалағышты пайдалану және/немесе

қақ тазалауды дұрыс орындамау өнім жасаушысының кепілдігінде қаралмаған ақаулықтарға себеп болуы мүмкін.

1. Кофе құрылғысын іске қосыңыз.
2. Мәзірге кіру үшін **P** түймесін басыңыз.
3. Таңдау дөңгелегін Descaling (Қақ тазалау) хабары көрінгенше басыңыз.
4.  түймесін басу арқылы таңдаңыз: Descal Confirm? (Қақ тазалау. Растау керек пе?) хабары көрінеді. Бұл функцияны қайта іске қосу үшін  түймесін қайта басыңыз.
5. Add descaler Confirm? (Қақ тазалағыш қосу. Растау керек пе?) хабары EMPTY THE DRIP TRAY (ТАМШЫ НАУАСЫН БОСАТУ) және REMOVE FILTER (СҮЗГІНІ АЛУ) хабарларымен (егер сүзгі болса) кезектесіп көрсетіледі.
6. Су ыдысын (A9) толық босатып, су жұмсартқыш сүзгіні алыңыз (егер болса). Тамшы науасын (24-сурет) және ұнтақ кофе ыдысын босатып, оларды құрылғыға қайта салыңыз.
7. Қақ тазалағышты ыдыстың бүйірінде белгіленген (30-сурет) **A** деңгейіне дейін құйып (100 мл орамға сай), **B** деңгейіне (30-сурет) дейін су (1 литр) құйыңыз да, су ыдысын орнына салыңыз.
8. Көлемі кемінде 1,8 литр болатын бос ыдысты ыстық су шүмегінің астына қойыңыз (4-сурет).



Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар

Ыстық су шүмегінен құрамында қышқыл бар ыстық су ағады. Су шашырандыларынан абай болыңыз.

9. Ерітіндіні қосқаныңызды растау үшін  түймесін басыңыз. Descal underway (Қақ тазалау орындалуда) хабары көрінеді. Қақ тазалау бағдарламасы басталады және су шүмегінен қақ тазалағыш сұйық зат шығады. Қақ тазалау бағдарламасы құрылғының ішіндегі қақты тазалау үшін бірнеше шаю және кідіру әрекеттерін орындайды. Шамамен 30 минуттан соң RINSING (ШАЮ) және FILL TANK (ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ) хабарлары көрсетіледі.

10. Одан кейін құрылғы таза сумен шаюға дайын болады. Су ыдысын шығарыңыз, босатыңыз, ағын су астында шайыңыз және таза сумен MAX деңгейіне дейін толтырып, құрылғыға салыңыз: RINSING, Press OK (ШАЮ, OK түймесін басыңыз) хабары көрсетіледі.
11. Қақ тазалағыш ерітіндіні жинау үшін пайдаланылған ыдысты босатыңыз да, каппуцино жасағыштың астына қайта салыңыз.
12. Шаюды бастау үшін  түймесін басыңыз. Ыстық су шүмектен ағады және Rinsing Please wait (Шаю орындалуда, күтіңіз) хабары көрінеді.
13. Су ыдысы толығымен босаған соң, RINSING (ШАЮ), REPLACE FILTER (СҮЗГІНІ АУЫСТЫРУ) және FILL TANK (ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ) (егер осыған дейін алынып тасталған болса) хабарлары кезекпен көрсетіледі.
14. Су ыдысын шығарыңыз, сүзгіні орнына салыңыз (егер осыған дейін алынған болса) босатыңыз, ағын су астында шайыңыз және таза сумен MAX деңгейіне дейін толтырып, құрылғыға салыңыз: дисплейде RINSE Press OK (ШАЮ, OK басыңыз) хабары көрінеді.
15. Шаю суын жинау үшін пайдаланылған ыдысты босатыңыз да, ыстық су шүмегінің астына қайта салыңыз.
16. Шаюды қайталау үшін OK түймесін басыңыз: дисплейде RINSING Please wait (ШАЙЫЛУДА, күтіңіз) хабары пайда болады, су ыстық су шүмегінен шығады және су кофе шүмегінен (A13) құйылған кезде, шаю циклі аяқталады.



Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар.

- Ыстық су құю барысында құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.
17. Су ыдысы толығымен босаған кезде, Rinsing complete, Press OK (Шаю аяқталды, OK түймесін басыңыз) хабары көрсетіледі.
 18. OK түймесін басыңыз.
 19. Дисплейде FILL TANK (ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ) хабары көрінеді; ыдыс толтырылып, орнына салынған соң, дисплейде Heating please wait (Қызуда, күтіңіз) хабары көрінеді, одан кейін құрылғы пайдалануға дайын болады.



Ескеріңіз!

Егер қақ тазалау дұрыс орындалмаса (мысалы, электр кенеттен болмай қалса), циклді қайталауды ұсынамыз.

СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН ОРНАТУ

Бір кезеңдік уақыт өткен соң су қаттылығына сай DESCAL (ҚАҚ ТАЗАЛАҢЫЗ) хабары көрсетіледі.

Бұл құрылғы әдепкі параметр бойынша 4 мәніне орнатылады. Сонымен қатар, бұл құрылғыны әр түрлі аймақтардағы құбыр суының қаттылығына сай бағдарламалау арқылы құрылғыны сирегірек тазалау қажет болатындай етіп орнатуға болады.

Су қаттылығын өлшеу

1. TOTAL HARDNESS TEST (ТОЛЫҚ ҚАТТЫЛЫҚТЫ ТЕКСЕРУ) индикаторын орамынан шығарыңыз (ағылшын тіліндегі нұсқауларға тіркелген).
2. Қағазды стакандағы суға бір секундқа толығымен батырып алыңыз.
3. Қағазды судан шығарып, жайлап сілкіңіз. Шамамен бір минуттан соң 1, 2, 3 немесе 4 қызыл шаршы судың қаттылығының деңгейіне қарай көрінеді. Әрбір шаршы бір деңгей болып есептеледі.

жұмсақ су 

шамалы қаттырақ су 

қатты су 

Өте қатты су 

Су қаттылығын орнату

1. Мәзірге кіру үшін P түймесін басыңыз.
2. Water hardness (Су қаттылығы) тармағын таңдау үшін таңдау дөңгелегін басыңыз.
3. Таңдауды  түймесін басу арқылы растаңыз.
4. Таңдау дөңгелегін бұрып, көрсеткіш қағазда көрсетілген су қаттылығы деңгейін орнатыңыз (алдыңғы бөлімді қараңыз).
5. Растау үшін  түймесін басыңыз.
6. Мәзірден шығу үшін  түймесін басыңыз.

Құрылғы сол кезде жаңа су қаттылығының параметрімен бағдарламаланады.

СУ ЖҰМСАРТҚЫШ СҮЗГІ

Кейбір үлгілерге су жұмсартқыш сүзгі бекітіледі. Егер сіздегі үлгіде ондай болмаса, De'Longhi тұтынушыны қолдау қызметтерінен сатып алуды ұсынамыз.

Сүзгіні дұрыс пайдалану үшін, төмендегі нұсқаларды орындаңыз.

Сүзгіні орнату

1. Сүзгіні орамынан шығарыңыз.
2. Күн көрсеткішінің дискісін (31-суретті көріңіз) қолданудың келесі екі айы көрінгенше бұраңыз.



Ескеріңіз

Құрылғы дұрыс пайдаланылса, бұл сүзгі екі айға жарамды болады. Егер кофе құрылғысы сүзгісі енгізілген күйде пайдаланылмай қалса, сүзгі тек үш аптаға жарамды болады.

3. Сүзгіні іске қосу үшін, суретте көрсетілгендей етіп сүзгі ішіндегі тесік арқылы су ағызыңыз, су бүйірдегі тесіктерден бір минуттан астам ағуы керек (32-сурет).


4. Ыдысты құрылғыдан шығарып, сумен толтырыңыз.

5. Сүзгіні су ыдысына салып, шамамен он минуттай толық батырыңыз да, ауа көпіршіктерін шығарып жіберу үшін қисайтыңыз.

6. Сүзгіні корпусына салыңыз және орнына жеткенше басыңыз.

7. Ыдыстың қақпағын жауып, ыдысты құрылғыдағы орнына салыңыз.

Сүзгіні орнатқан кезде, оның бар екенін құрылғыға ескеруіңіз керек.



8. Мәзірге кіру үшін **P** түймесін басыңыз;
9. Ruotare la manopola di selezione (fig. 8) finché appare sul display la scritta "Installa filtro".
10. түймесін басыңыз;
11. Enable? (Қосылсын ба?) сұрағы көрсетіледі;
12. Растау үшін түймесін басыңыз. Hot water Confirm? (Ыстық су. Растау керек пе?) хабары көрсетіледі.

13. Ыдысты ыстық су шүмегінің астына орналастырыңыз (ең төменгі сыйымдылық: 500 мл).

14. Растау үшін түймесін басыңыз. Құрылғы ыстық су құюды бастайды және Please wait (Күте тұрыңыз) хабары көрінеді.

15. Ыстық су ағыны тоқтаған соң, құрылғы автоматты түрде Ready for coffee (Кофе жасауға дайын) бағытына автоматты түрде қайта орнатылады.

Жаңа сүзгі белсенді және мәзірдегі Install filter (Сүзгі орнату) тармағының астындағы көрсетілетін жұлдызша арқылы көрсетіледі. Құрылғыны енді пайдалануға болады.

Сүзгіні салу

Replace filter (Сүзгіні ауыстырып салу) хабары көрсетілген кезде, екі айдан соң (күн көрсеткішін көріңіз) немесе құрылғы 3 апта бойы пайдаланылмаса, сүзгіні ауыстырыңыз:

1. Ыдысты және бітеліп қалған сүзгіні шығарыңыз;
2. Жаңа сүзгіні орамынан шығарыңыз және алдыңғы бөлімнің 2, 3, 4, 5 және 6-тарауларында көрсетілгендей жалғастырыңыз.

3. Ыстық су шүмегінің астына ең аз сыйымдылығы 500 мл болатын ыдысты қойыңыз.

4. Мәзірге кіру үшін **P** түймесін басыңыз.
5. Таңдау дөңгелегін Replace filter (Сүзгіні орнына салу) хабары көрінгенше бұраңыз.

6. түймесін басыңыз;
7. CONFIRM? (РАСТАУ КЕРЕК ПЕ?) хабары көрсетіледі.

8. Растау үшін түймесін басыңыз.
9. Hot water Confirm? (Ыстық су. Растау керек пе?) хабары көрсетіледі.

10. Растау үшін түймесін басыңыз. Құрылғы ыстық су құюды бастайды және Please wait (Күте тұрыңыз) хабары көрінеді.

11. Ыстық су ағыны тоқтаған соң, құрылғы автоматты түрде Ready for coffee (Кофе жасауға дайын) бағытына автоматты түрде қайта орнатылады.

Содан кейін жаңа сүзгі белсенді болады және кофе құрылғысын пайдалана аласыз.

Сүзгіні шығару

Егер құрылғыны сүзгісіз пайдаланғыңыз келсе, оны алып, құрылғыға оның алынғаны туралы ескертуіңіз керек. Мына әрекетті орындаңыз:

1. Ыдысты және бітеліп қалған сүзгіні шығарыңыз;
2. Мәзірге кіру үшін **P** түймесін басыңыз;
3. Таңдау дөңгелегін (8-супет) Install filter (Сүзгіні орнату) хабары көрінгенше бұраңыз;
4.  түймесін басыңыз;
5. Disable? (Ажыратылсын ба?) сұрағы көрсетіледі;
6. Растау үшін  түймесін басыңыз және мәзірден шығу үшін  түймесін басыңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК

Қысым:	1,5 Мпа (15 бар)
Су ыдысының ең жоғарғы сыйымдылығы:	1,8 л
Өлшемдері ЕхДхБ:	240х430х355 мм
Сым ұзындығы:	1660 мм
Weight	9,7 kg
Кофе дәндері ыдысының ең жоғарғы сыйымдылығы:	250 г

ТЕХНИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ

Тип изделия см. заводскую табличку на корпусе устройства	
Модель	"
Напряжение	"
Частота	"
Мощность	

Италияда жасалған

De'Longhi Appliances s.r.l.

via L.Seitz, 47 31100 Treviso Italy

Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.

Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия

Импортер на территории РФ, Белоруси и Казахстана:
ООО «Делонги»

127055 Россия, г. Москва, ул. Суцёвская, д. 27, стр. 3

Тел. +7 (495) 781-26-76

Изделие использовать по назначению в соответствии с руководством по эксплуатации.

Срок службы изделия составляет 2 года с даты продажи потребителю.

Дату изготовления изделия можно определить по серийному номеру, расположенному на / или вблизи заводской таблички изделия (Сер. № ASSCC, где А – последняя цифра года изготовления, SS – производственная неделя, CC – дата печати, рассчитанная автоматически с 1992 г. Пример: Сер. № 30411xxx, год изготовления – 2003, производственная неделя – 4).

EAC

КӨРСЕТІЛЕТІН ХАБАРЛАР

КӨРСЕТІЛЕТІН ХАБАР	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
FILL TANK (ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ)	Ыдыстағы су жеткіліксіз.	Су ыдысын толтырыңыз және/немесе «сырт» етіп орнына киілгенше итеру арқылы дұрыстап салыңыз (2В сур.).
EMPTY GROUNDS CONTAINER (ҰНТАҚ КОФЕ ЫДЫСЫН БОСАТЫҢЫЗ)	Ұнтақ кофе ыдысы (А14) толып кеткен.	Ұнтақ кофе ыдысы мен тамшы науасын босатыңыз, тазалаңыз да орындарына салыңыз (23-сурет). Маңызды: Тамшы науасын алып жатқан кезде ұнтақ кофе ыдысын тіпті онда шамалы кофе қалса да босату керек. Егер босатылмаса, келесі кофелерді жасаған кезде, ұнтақ кофе ыдысы шамадан тыс толып кетіп, құрылғы арналарын бітеуі мүмкін.
INSERT GROUNDS CONTAINER (ҰНТАҚ КОФЕ ЫДЫСЫН ЕНГІЗІҢІЗ)	Тазалаған ұнтақ кофе ыдысы орнына салынбаған.	Тамшы науасын шығарып, ұнтақ кофе ыдысын орнына салыңыз.
ADD PRE-GROUND COFFEE (ҰНТАҚ КОФЕ ҚОСЫҢЫЗ)	Таңдалған ұнтақ кофе функциясымен алдын ала ұнтақталған кофе воронкаға құйылмаған.	Воронкаға (14-сурет) алдын ала ұнтақталған кофені салыңыз немесе pre-ground (ұнтақ кофе) функциясының таңдауын алыңыз.
GROUND TOO FINE ADJUST MILL (ҰНТАҚ КОФЕ ТЫМ ҰСАҚ, КОФЕ ТАРТҚЫШТЫ РЕТТЕҢІЗ)	Тартылған кофе тым майда және кофе өте жай құйылуда немесе мүлдем құйылмауда.	Кофені тағы да құйып көріңіз және кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін сағат тілі бағытымен «7» санына қарай бұраңыз (10-сурет). Егер 2 кесе кофе құйылғаннан кейін әлі де жай құйылса, тартуды реттеу дөңгелегін құйылу дұрысталғанша тағы бір рет «сырт» еткізіп бұрау арқылы дұрыстау процедурасын қайталаңыз (мына бөлімді қараңыз: «Кофе тартқышты реттеу» бөлімі). Егер проблема жойылмаса, су ыдысының толық енгізілгенін тексеріңіз.
	Егер су жұмсартқыш сүзгі болса, түтіктерден ауа көбігі шығып, құюға кедергі жасауы мүмкін.	Құрылғыға ыстық су шүмегін (С3) енгізіп, ағын бір қалыпты болғанша шамалы су ағызыңыз.

DESCALE (ҚАҚ ТАЗАЛАҢЫЗ)	Құрылғы қағын тазалау керек.	«Қақ тазалау» бөліміндегі қақ тазалау процедурасын неғұрлым тезірек орындау керек.
КОФЕ МӨЛШЕРІН АЗАЙТУ	Өте көп мөлшердегі кофе пайдаланылған.	●/● дөңгелегін бұрау (7-сурет) арқылы жұмсағырақ дәмді таңдаңыз немесе алдын ала ұнтақталған кофе мөлшерін азайтыңыз.
FILL BEANS CONTAINER (ДӘНДЕР ЫДЫСЫН ТОЛТЫРЫҢЫЗ)	Кофе дәндері таусылған.	Дәндер ыдысын толтырыңыз (11-сурет).
	Алдын ала ұнтақталған кофе воронкасы бітеліп қалған.	Воронканы «Ұнтақ кофе воронкасын тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп щеткамен босатыңыз
ДЕМДЕУІШ ЖИНАҒЫН ЕНГІЗУ	Тазаланғаннан кейін, демдеу торы орнына салынбаған.	Демдеу торын «Демдеу торын тазалау» тарауында сипатталғандай етіп енгізіңіз.
INSERT TANK (ЫДЫСТЫ САЛЫҢЫЗ)	Ыдыс орнына дұрыс салынбаған.	Су ыдысын дұрыстап енгізіңіз және орнына түскенше басыңыз (2В сур.).
GENERAL ALARM! (ЖАЛПЫ ДАБЫЛ!)	Құрылғының іші өте лас.	Құрылғының ішін «Тазалау және күтім көрсету» бөлімінде сипатталғандай етіп мұқият тазалаңыз. Бұл хабар тазаланған соң да көрсетілсе, қызмет орталығымен хабарласыңыз.
REPLACE FILTER (СҮЗГІНІ АУЫСТЫРЫҢЫЗ)	Су жұмсартқыш сүзгі бітеліп қалған.	Сүзгіні салыңыз немесе оны «Су жұмсартқыш сүзгі» бөлімінде сипатталғандай етіп шығарыңыз.
SET DIAL TO CLEAN (ДӨҢГЕЛЕКТІ ТАЗАЛАУ РЕЖИМІНЕ ОРНАТЫҢЫЗ)	Жақында сүт құйылған, сүт ыдысының ішіндегі түтіктерді тазалау керек.	Көпіршікті реттеу дөңгелегін CLEAN (ТАЗАЛАУ) бағытына бұраңыз.
INSERT WATER SPOUT (СУ ШҮМЕГІН ЕНГІЗІҢІЗ)	Ыстық су шүмегі енгізілмеген немесе дұрыс енгізілмеген.	Су шүмегін (C5) орнына түскенше енгізіңіз.
INSERT MILK CONTAINER (СҮТ ЫДЫСЫН САЛЫҢЫЗ)	Сүт ыдысы дұрыс салынбаған.	Сүт шүмегін (19-сурет) орнына түскенше енгізіңіз.

EMPTY CIRCUIT FILL CIRCUIT HOT WATER Confirm? (АЙНАЛЫМ БОС, АЙНАЛЫМДЫ ЫСТЫҚ СУМЕН ТОЛТЫРЫҢЫЗ. Растау керек пе?)	Су айналымы бос.	ОК түймесін басып, шүмектен (D5) әдеттегідей су шыққанға дейін су құйыңыз. Егер проблема жойылмаса, су ыдысының толық енгізілгенін тексеріңіз.
---	------------------	--

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Төменде кейбір ықтимал ақаулықтар көрсетілген. Егер проблема сипатталғандай әдіспен шешілмесе, тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

ПРОБЛЕМА	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Кофе ыстық емес.	Кеселер алдын ала қыздырылмайды.	Кеселерді ыстық сумен шаю арқылы алдын ала жылытыңыз (Мынаны ескеріңіз: сіз ыстық су функциясын пайдалана аласыз).
	Демдеу торы суып қалған, себебі соңғы кофе жасалғалы 2/3 минут өткен.	Кофе жасамас бұрын, демдеу торын шаю және қыздыру үшін  түймесін басып, демдеу торын қыздырыңыз.
	Төменгі кофе температурасы орнатылды.	Мәзірден жоғарырақ кофе температурасын орнатыңыз.
Кофе көпіршігі жеткілікті емес.	Кофе тым ірі етіліп тартылған.	Кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін сағат тілі бағытына қарсы «1» санына қарай бір рет бұраңыз (10-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай тартылмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек 2 кофе жасаған соң ғана беріледі (мына бөлімді қараңыз: «Кофе тартқышты реттеу» бөлімі).
	Кофе жарамсыз.	Эспрессо құрылғылары үшін ұнтақ кофе пайдаланыңыз.
Кофе тым баяу құйылады немесе тамшылап тұрады.	Кофе тым майда етіліп тартылған.	Кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін сағат тілі бағытымен «7» санына қарай бір рет бұраңыз (10-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай тартылмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек 2 кофе жасаған соң ғана беріледі (мына бөлімді қараңыз: «Кофе тартқышты реттеу» бөлімі).

Кофе бір немесе екі шүмектен де ақпайды.	Шүмектер бітеліп қалған.	Шүмектерді тіз тазартқышпен тазалаңыз (27В-сурет).
Шүмектерден сүт ақпайды.	Сүт ыдысының қақпағы кірлеген.	Сүт ыдысының қақпағын «Сүт ыдысын тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз.
Құрылғы іске қосылмайды	Ол розеткаға қосылмаған.	Розеткаға қосыңыз.
	Негізгі қосқыш (A8) іске қосылмаған.	Негізгі қосқышты I бағытына қойыңыз (1-сурет).
Демдеу торын шығару мүмкін емес.	Құрылғы дұрыс ажыратылмаған.	 түймесін басу арқылы құрылғыны өшіріңіз.
Сүтті үлкен көбіктер бар және ол сүт шүмегінен шашырап шығады немесе аз ғана көпіршік шығады.	Сүт жеткілікті деңгейде салқын емес немесе ол жартылай шайқалмаған.	Тоңазытқыш температурасындағы (шамамен 5°) майсыздандырылған немесе жартылай майсыздандырылған сүтті пайдаланған жөн. Егер нәтиже сіз қалағандай болмаса, басқа компанияның сүтін пайдаланып көріңіз.
	Көпіршікті реттеу дөңгелегі дұрыс реттелмеген.	«Капучино және сүт қосылған кофе түрлерін жасау» бөліміндегі нұсқауларды орындау арқылы реттеңіз.
	Сүт ыдысының қақпағы немесе көпіршікті реттеу дөңгелегі кірлеген	Сүт ыдысының қақпағын және басқару тетігін «Сүт ыдысын тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз.
	Ыстық су/бу түтігінің қондырмасы кірлеген	Түтік қондырмасын «Ыстық су/бу түтігінің қондырмасын тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз.